

1. Қос нүктенің қойылу себебін ажыратыңыз.

Естіген нәрсені ұмытпаудың бір себебі: көкірегі берік болу.

- A) Автор сөзінен соң.
Жалғаусыздық түсіндірмелі салалас.
- B) Жалпылауыш сөзден кейін.
Себеп-салдар салаласта.
- C) Төл сөзден соң.

2. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді табыңыз.

- A) Досын сатқан адамнан: жиренемін.
- B) Ел «Нар идірген» күйі осылай туыпты деседі
- C) Асан, Айгүл, Әсем: үшеуіміз кітапханаға бардық.
- D) Сізді ешкім шақырған жоқ: сондықтан сіз де бармайсыз.
- E) Түсінгені соншалық, барлығы ойында сайрап тұр.

3. Үтірдің қойылу себебін анықтаңыз.

Оқын білім ал, ұлан!

- A) Біріңғай мүшелер.
- B) Одағай.
- C) Қаратпа сөз.
- D) Қыстырма сөз.
- E) Оңашаланған айқындауыш.

4. Екі жерде нүкте қойылатын сөйлемді табыңыз.

- A) Тәртіпсіздікке жол бермеу керек деген менің әкем.
- B) Тәртіпке бас иген құл болмайды (Б.Момышұлы)
- C) Мен келдім деп ол ішке кірді
- D) Мыналар наурыз, сәуір көктем айлары
- E) Мылтық тарс етті құс жалп етті

5. Қос нүкте қойылмайтын жерді көрсетіңіз.

- A) Салдар мәнді сөйлемнен кейін.
- B) Автор сөзінен кейін.
- C) Біріңғай мүшелердің арасына.
- D) Жалпылауыш сөзден соң.
- E) Түсіндірмелі салаласта.

6. Алфавиттегі 23-ші әріпті табыңыз?

- A) р
- B) л
- C) п
- D) к
- E) у

7. Үнді дыбыстардың қатарын табыңыз.

- A) у, й, н, р
- B) г, ж, д, в
- C) к, ш, т, ф
- D) м, ң, ғ, з
- E) й, к, л, м

8. Бірыңғай жуан буынды сөзді көрсетіңіз.

- A) Асылбек кітабын сөмкеден таппады.
- B) Қыстыгүні үйге көмір әкелдік.
- C) Әскерлер күні-түні жүгірді.
- D) Кәсіпорындар бірлестігінің мәжілісі ертеңге өзгертілді.
- E) Біз қазірге дейін міндеттімізді түсінген емеспіз.

9. Екпін түспейтін қосымшасы бар сөзді табыңыз.

- A) баратын
- B) барды
- C) барсын
- D) барма
- E) барғын

10. Тасымалданатын сөздер қатарын табыңыз.

- A) бала, киік, уәде
- B) ант, өрт, ерт
- C) осы, игі, ата
- D) ақын, отан, төрт
- E) ТМД, США, БҰҰ

11. Математика саласына тән терминдерді табыңыз.

- A) киім, тағам, туысқан
- B) көшет, доға, шекілдеуік
- C) бөлінгіш, алым, бөлшек
- D) бесін, тоқаш, квадрат
- E) арал, қорық, шығанақ

12. Бір сыңары диалект сөзден болған тіркесті табыңыз.

- A) ағайынды балалар
- B) ата-ана
- C) менің сымым
- D) костюм-шалбар
- E) туысын көрді

13. Фразеологизмді табыңыз.

- A) Аузы күйген үріп ішер.
- B) Қой аузынан шөп алмас.

- C) күлме досыңа, келер басыңы.
- D) Ғалымның өзі өлсе де, сөзі өлмейді.
- E) Ішің ауырсы, аузың ти.

14. Тура мағыналы сөзді табыңыз.

- A) момын кісі
- B) жуас адам
- C) ақ ниетті
- D) терең ойлы
- E) ыстық ықылас

15. Көп мағыналы сөзді табыңыз.

- A) бас
- B) қарт
- C) жауыз
- D) дала
- E) қалта

16. Оңаша тәуелдеуді көрсетіңіз.

- A) Дәптер біздікі. Оның өзі.
- B) Сендердің жұмыстарың.
- C) Дәптер біздікі.
- D) Оларға тапсырылған.
- E) Мен жазыппын.

17. Мысалыдағы асты сызылған сөз қандай тұлғада тұрғанын көрсетіңіз.

«Сен менің тізімімде жоқсың»

- A) -жақта жіктелген болымсыз етістік1
- B) 1-жақта тәуелденіп тұр
- C) 2-жақта жіктелген көмекші сөз
- D) көпше түрде жіктелген көсемше
- E) жұрнақ арқылы жасалған туынды үстеу

18. Сан есімді тіркесті табыңыз.

- A) үйдің іші
- B) әлденеше күн
- C) данағөй қария
- D) ондаған адам
- E) әжептәуір жақсарыпты

19. Етістіктің жедел өткен шығын көрсетіңіз.

- A) жеткізер
- B) жеткізген
- C) жеткізді
- D) жеткізеді
- E) жеткізетін

20. «-са, -се» жұрнағының шарттық мағына білдіріп тұрған орнын табыңыз.

- A) Тез әкелсең, мені қуантасың.
- B) Күз болса да, күн суыта қоймады.
- C) Бүгін концертке келсеңізші.
- D) Кітапты тезірек бітірсей.
- E) Ертен сабақ болса ғой.

21. Хабарлы сөйлем дегеніміз не?

- A) Айтылған ойдың тыңдаушыға түсінікті әсерлі болуы үшін айтылатын сөйлем
- B) Қимыл иесінің күйін, қалпын, іс-әрекетін айқындауға жауап күтетін сөйлем
- C) Біреу я бірдеме туралы ойды екінші біреуге жай хабарлау мақсатында айтылған сөйлем
- D) Адамның көңіл-күйін білдіру мақсатымен қолданылған сөйлем
- E) Сұрай айтылған сөйлем

22. Атаулы сөйлемді табыңыз.

- A) Үйге от жақты.
- B) Гүлсараның бойы жылынды.
- C) Аппақ қар екпіндеп ұйтқи соқты.
- D) Айсыз, бұлтсыз қараңғы түн.
- E) Екі көзі төрт болады.

23. Анықтауыштың белгісін табыңыз.

- A) Анықтайтын сөзімен қабыса байланысады.
- B) Анықтайтын сөзінен кейін орналасады.
- C) Анықтайтын сөзімен бірдей сұраққа жауап береді. Анықтайтын сөзімен бірдей сөйлем мүшесі қызметін атқарады.
- D) Анықтайтын сөзімен бірдей сұраққа жауап береді.
- E) Анықтайтын сөзінен үтір арқылы ажыратылады.

24. Бірыңғай толықтауыш қатысқан сөйлемді табыңыз.

- A) Абайдың жалтаң сөзді сүймейтін, жақтырмайтын мінезі бар.
- B) Шәкенді, Баймағамбетті, Ерболды бұл сөз күлдірді.
- C) Жиренше Абаймен көп сөйлесті, ұзақ ақылдасты.
- D) Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын.
- E) Еріншектің ертеңі бітпес.

25. Төлеу сөзді табыңыз.

- A) Бүгін бұл үйдің жылқышыларына да бірдеме болған сияқты.
- B) Жұман отыратын жерге бір әулие келіпті.
- C) Үйге кіре бере қара саба жарылып кетті.
- D) «Білмегенді біле бер», -дейді Шәкәрім.
- E) Әжем алысқа қарап тұрып, малдың өрістен қайтқанын айтты.